**• ЛЕБІЗ**

# Өмірдің батпан жүгін арқалаған

**Серғазы Әбдібековтің жауқазын жырларын кенересінен асып төгіліп жатқан нұрға теңер едім. Қай өлеңін алсаңыз да, жұп-жұмыр, артық буын, артық сөз жоқ, бәрі орын орнымен және өте жеңіл оқылады. Оқыған сайын өзіне тарта түседі. Кез келген өлеңінің босағасынан балалық сығалап тұрады. Әрі қарай оқи берсеңіз, балалық шақтың ұмыт қалған оқиғалары көз алдыңызға тізбектеліп келе бастайды. Тіпті,ұмыт қалған оқиғаларыңыз еске түсіп, соның тәтті әсерінен көпке дейін айыға алмай отырасыз.**

Әсіресе, көңілде көмескіленіп қалған ауыл көріністері кәдімгідей ойыңызға оралып, сол шақты қайтадан бастан өткергендей күй кешесіз. Ата-анаңыз, жас кездегі достарыңыз жаныңызда жүргендей сезінесіз.Табиғат туралы жазғандары тіптен керемет, нағыз - сурет. Серғазы суретші болғанда қандай болар еді деп ойлаймын кейде. Табиғат тамашаларын өрнектеп, жай адамдар көре бермейтін құбылыстарды ақ қағазға сурет салғандай жарқыратып көз алдыңызға әкеледі. Сүйсінбеске тағы болмайды, табиғаттың кереметтерін көрсете білген Серғазының ақындығына, жырларына бас ұрасыз.

Оның осы өмірдегі басты ұтқаны ауылдан ажырамағандығы деп ойлаймын. Уақыт өткен сайын, ауыл өмірі де өзгеріп тұрады. Осыдан он жылғы ауыл мен бүгінгі ауылдың айырмашылығы жер мен көктей. Осы өзгеріс ақын өлеңдерінен орын тапқан. Ол кісі ештеңені қалт жібермейді, бүгінгі көргенін сол мезетте майдан қыл суырғандай бейнелі тілмен оқырманына жеткізеді. Оқырманға керегі де осы. Өлең оқылмайды емес, оқырманның талабына сай жазылатын өлең аз.

Көпшілік Серғазы Қабылдаұлын парасатты, зиялы адам деп біледі, өйткені ол кісінің бойында зиялылықты анықтайтын ішкі және сыртқы қасиеттер толығымен сақталған. Халықтың аузында мынадай бір сөз бар: «Кімнің кім екенін білгің келсе, оны жоғары қызметке қой» деген. Біздің кейіпкеріміз ол сатыдан да мүдірмей өткен.

Бір кездері Кәмел Жүнісұлы ағамыздың бір жазбасынан Секеңе «зиялы» деген теңеуді бергенін көріп едім. Ендеше біздің Серғазы Қабылдаұлы - шынында да зиялы адам. Ақындығымен қоса, проза саласына да қалам тартқанын жақсы білеміз. Онда да ауыл тірлігі, өнер тақырыбы, тарихи таным мәселесі, өскен өлке тарихы, ел мақтанышына айналған тарихи тұлғалар жайы, ел ішінің өзекті оқиғаларын басты тақырыбы етіп алған.

Көзі тірісінде Кәмел аға былай деп жазып кеткен екен: «Ақын Серғазының өлеңдері тұнжырап жүрген көңілді желпінтіп тастайды. Өлеңдері - тірі сурет. Ақын қазақ бола білуі керек. Өлең - киелі өнер. Ол қанмен жазылады. Серғазы кәусар жырдың ақ отауын аша алмай жүрген жоқ, бұл ақын сол киелі көшенің ішінде жүр» - депті.

Біз де осы тілектеміз, басқан қадамыңыз құт болсын. Жаныңызды жадыратар күндеріңіз көп болсын. Әрбір атқан күніңіз бойыңызға қуат, көңіліңізге қанағат берсін.

**Аңғар СМАҒҰЛОВ**

Орталық Қазақстан. - 2024. - 10 тамыз (№89). - 8 б.